

Кім жазып болса ешкімге көрсетпей, ешкімге әңгімелемей жәй ғана маған әкеп өткізіңіздер.

“Мұғалім және мен”

қазан айында 1 сыныпта өткізіледі.

Өткізілу мақсаты: мұғалім мен бірінші сынып арасындағы мәселені анықтау

Өткізілу уақытында мұғалім қатыспайды. Балалар түрлі қарындаш, таза А –4 қағазын алады.

Нұсқау: Суретіңіздің жанына не салғыларыңыз келсе сол суретті салыңыздар.

Нәтижені талдау.

1. Мұғалім мен өзара әрекеттестік типі мүмкін оқу, қарым-қатынас немесе ойын суреттегі бейне өзара әрекеттестік типін көрсетеді.

Сабак жағдайымен байланысты (такта, парта...) оқу типі.

Қарапайым 2 фигура қарым-қатынас.

Мұғалім мен бала суреті арасындағы ағаш, ит, ойыншық – ойын типіне жатады.

2. Эмоционалды-жылылық қатынас

Мұғалімнің киім кию түсінен ажыратамыз. Ашық жағымды түстер баланың мұғалімге қатынасының жылылығын көрсетеді.

3. Баланың мұғалімге қатынасындағы кобалжуы:

Мысалы: мұғалім суретін айқын сызылған кара бояумен немесе бала өзінің суретін салмағанынан көрінеді.

4. Жабық болуға қорғануға талпыныс.

Оқушы фигурасы мен мұғалімнің арасында қандай да бір зат салынса бала қорғанысы және ашылғысы келмейді.

5. Рольдік позицияның араласып кетуі.

Мұны оқушы мен мұғалімнің суретте бойының бірдей болуынан көрінеді. “Мұғалім және Мен”

өткізілген күні -----

сыныбы -----

Оқушының фамилиясы	Мұғаліммен өзара әрекеттестігі типі	Эмоциялық жылы қатынас	Мұғалімге деген кобалжу қатынасы	Қорғануға жабылуға талпыныс	Ролді позицияның араласып келуі

IV-ТАРАУ

Жеткіншек жас кезеңінде жүргізілетін психодиагностика

Жеткіншек жас кезеңінде психодиагностиканы қолдану ерекшеліктері

Жеткіншек жас кезеңінде психодиагностиканы қолдану балалық және ересектік белгіні ескеретін, ерекше қарым-қатынасты қажет етеді. Жеткіншекте ақыл-ой дамуы жасөспірімдік шаққа жақындау келеді. Оның танымдық процесін зерттеуде ғылыми термин және түсінікке шектеу қоя отырып, ересекке арналған тестті іріктеп, пайдалануға да болады.

Тұлғалық және тұлғааралық ерекшелікті анықтауда көптеген шектеу ескерілуі қажет. Өйткені жеткіншек - әлі жартылай бала болып есептеледі, оларға жартылай балалық, жартылай ересектік тест формасын пайдалану қажет.

Тапсырманың негізі ойын түрінде қалып, тест тапсырмасын тікелей баланың назарын тартатындай баланың қызығушылығын туғыруы тиіс.

Тестілеу барысына жеткіншек назарының жоғары болуы өзі туралы қызықты және пайдалы мәлімет алуға, қолайлы жағдай мен мүмкіндік туындайтынын түсінеді.

Бұл жаста өзін-өзі тану қажеттігі өте күшті болатынына орай, қызығушылығы төмен тесттің өзі қалыпты қабылданатын болады.

Жеткіншек психодиагностикасына арнайы ғылыми түсінік, әлеуметтік заңдылық нормасы енгізіледі. Бірақ көп жағдайда бұл норма нақты анықталуы қажет.

Тестілеу барысы жеткіншекте өз қажеттілігін рөлдік қатынаста, мінез-құлықта жүзеге асыруға мүмкіндік береді (эксперименттік және лидерлік рольдер). Осы жаста жеткіншек өз білімін, іскерлігін байқатады және өзін көшбасшы рөлінде көрсетеді.

Зейінді анықтайтын әдістер Сандарды орналастыру

Мақсаты: Бұл әдістеме ырықты зейінді бағалауға арналған.

Нұсқау: «Екі минут ішінде іс-қағаздан төмендегі шаршысының бос тор көздеріне жоғарғы шаршыда кездейсоқ орналасқан санды өспелі қатарда орналастырыңыз.

Сандар қатармен жазылады, жоғарыдағы шаршыға ешқандай белгілер қойылмайды».

Бағалау дұрыс жазылған саны бойынша жүргізіледі. Орташа қалып –22 сан және одан жоғары.

Әдістеме топтық зерттеу үшін ыңғайлы.

Ынталандырығыш материал:

16	37	98	29	5480
80	92	46	59	35
43	21	8	40	2
65	84	99	7	77
13	67	69	34	18

Толтыруға арналған іс-қағаз

Қызыл –қара кесте әдістемесі

Мақсаты: Бұл әдістеме зейін қасиетін анықтауға арналған.

Орындалуы: Қатысушылар берілген кестеден қызыл және қара сандарды ауыспалы түрде табуы керек және сол сандарға сәйкес тек әріптерді ғана жазып отыруы қажет. Қызыл түстегі сандарды төмендегі қатар түрінде, яғни үлкен саннан кіші санға қарай, ал қара сандарды – жоғарылаған түрде, яғни кіші саннан үлкен санға қарай тауып жазуы керек.

Нұсқау: «Сіздерге қара және қызыл сандар жазылған кесте ұсынылады. Сіз қызыл және қара сандарды ауыспалы түрде іздеп, яғни қызыл сандарды төмендеген (25-тен 1-ге дейін), ал қара сандарды өспелі қатар түрінде (1-ден 24-ке дейін) жазу керек. Сандардың жанында тұрған тек әріптерін ғана жазу керек. Мысалы: РВИН

Жұмыс уақыты 5 минут.

8-к	24-у	13-м	7-ф	22-б	12-н	5-6
8-х	14-ф	14-р	17-ш	15-д	6-г	3-е
19-к	3-к	18-ч	23-к	16-р	18-х	17-р
21-р	13-а	1-р	22-ш	11-р	23-г	20-д
5-м	10-е	4-ф	25-р	21-ц	2-т	19-ж
12-ж	6-б	16-у	20-м	4-с	10-б	9-а
12-н	7-н	11-л	15-у	9-к	24-н	1-в

Нәтиже: Нәтиже көрестекіші баланың дұрыс белгілеуіне байланысты жоғары, төмен, орташа шамасымен бағаланады.

Есті анықтайтын әдістер «Оперативті ес»

Мақсаты: Бұл әдістеме қысқа мерзімді есті зерттеуге қолданылады. Қатысушыларға іс-қағаздар таратылады, кейін келесі нұсқау беріледі.

Нұсқау: «Мен сіздерге сандарды оқимын – 10 қатар, әр қатарда 5 сан. Сіздің мақсатыңыз – 5 санды айтылған тізбек бойынша есте сақтап, 1-ші мен 2-ші, 2-ші мен 3-ші, 3-ші мен 4-ші, 4-ші мен 5-ші сандарды қосып, алынған төрт қосындыны арнайы іс-қағаз қатарына жазу керек.

Мысалы: 6, 2, 1, 4, 2 (тақтаға немесе қағазға жазылады). 6 мен 2-ні қосамыз –8 шығады; 2 мен 1-ді қосамыз –3 шығады; 1 мен 4-ті қосамыз – 5 шығады; 4-ке 2-ні қосамыз –6 шығады.

Егер қатысушыда сұрақ пайда болса, экспериментатор оларға жауап беріп, тестті жүргізуге көшеді. Сандар қатарының арасындағы үзіліс –15 секунд.

Кілт

Дұрыс есептелген қосынды саны есептеледі (олардың максималды саны –40).

Әдістеме топтық тестілеу үшін де ыңғайлы. Тестілеу процедураны 4-5 минутқа созылады. Оперативті ес көрсеткіші сенімдірек болуы үшін, басқа санды қолдана отырып, тестілеуді қайталауға болады.

Ұсынылатын сандар:

Қатысушыға берілетін іс-қағаз үлгісі

Қатар реті	Қосынды
1	
2	
3	
4	
5	
6	
7	
8	
9	
10	

«Сандық қатар заңдылығы»

Нұсқау: 7 сандық қатардың орналасу тәртібін табыңыз және жетіспейтін санды табыңыз. Ол кестеде «-» таңбасымен көрсетілген. Уақыты 5 минут.

Сандық қатар

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	24	21	19	18	15	13	-	-	7	
2	1	4	9	16	-	-	49	64	81	100

3	16	17	15	18	14	19	-	-		
4	1	3	6	8	16	18	-	-	76	78
5	7	16	19	5	21	16	9	-	4	
6	2	4	8	10	20	22	-	-	92	94
7	24	22	19	15	-	-				

Қорытынды

Берген жауабыңызды төмендегі кілт арқылы тексеріңіз.

1. Егер тапсырманы оңай әрі жылдам 5 минут көлемінде бітірсеңіз, сіздің логикалық ойлау қабілетіңіз дұрыс дамыған.

2. Егер тапсырманы орындауға 5 минуттан көп уақыт жіберсеңіз, сізге логикалық ойлау қабілетіңізді дамытатын жаттығулар қажет.


Кілт

- 1) 129 3) 13 20 5) 13 7) 10 4
- 2) 25 36 4) 36 38 6) 44 46

**Ақыл-ойды анықтайтын әдістер
Әдіс: “Сөредегі кітаптар”**

Мақсаты: Оқушылардың жылдам логикалық ойлауын дамыту.

Нұсқауы: Кітап сөресіндегі шығармалар жинағының 10 томдығы ретсіз жинақталыпты, ал оларды екі-екі кітаптан алып, үш рет орнын ауыстырса болғаны, олар рет – ретімен қаз – қатар тұрады. Сонда кітаптарды қалай ауыстырар едіңіз.



Дұрыс жауабы:

4 пен 7-ні 3 пен 8-дің ортасына, содан соң 6 мен 10 –ды 5-тен кейінгі орынға 5 пен 6-ны 4 пен 7-нің ортасына апарып қоямыз.

Сандық қатынас.

Мазмұны: Қатысушыларға бір типті логикалық тапсырмалар беріледі. Заттардың қалыптасқан қатынасын сандық өлшеммен анықтау қажет. Ой қорытынды жасап қатынас көлемін анықтаңыз (үлкен-кіші)

Мысалы: А Б-дан 9 есе үлкен

Б В –дан 4 есе аз

В үлкен бе А үлкен бе? Әрине А В-дан үлкен (А=9 онда Б=1, егер Б=1 онда В=4 Әлбетте А=9 В=4 8 үлкен) Б В-дан 4 есе аз

- | | |
|---|--|
| 1. А Б –дан 9 есе үлкен
Б В –дан 4 есе аз
В А | 2. А Б-дан 3 есе аз
Б В 4 есе 8 лкен
В А |
| 3. А Б-дан 2 есе аз
Б В-дан 8 есе көп
А В | 4. А В-дан 4 есе үлкен
Б В-дан 3 есе аз
В А |
| 5. А Б-дан 3 есе аз
Б В-дан 7 есе көп
А В | 6. А Б-дан 4 есе көп
Б В-дан 3 есе аз
В А |
| 7. А Б-дан 6 есе көп
Б В-дан 7 есе аз
А В | 8. А Б-дан 3 есе аз
Б В-дан 5 есе көп
В А |
| 9. А Б-дан 10 есе аз
Б В-дан 3 есе көп
В А | 10. А Б-дан 3 есе көп
Б В-дан 6 есе кіші
В А |
| 11. А Б-дан 10 есе кіші
Б В-дан 6 есе үлкен
А В | 12. А Б-дан 2 есе көп
Б В-дан аз
А В |
| 13. А Б-дан 5 есе кіші
Б В-дан 6 есе үлкен
В А | 14. А Б-дан 5 есе аз
Б В-дан 2 есе көп
А В |
| 15. А Б-дан 4 есе үлкен
Б В-дан 3 есе аз
В А | 16. А В-дан 3 есе аз
Б В-дан 2 есе көп
А В |
| 17. А Б-дан 9 есе көп
Б В 12 есе аз
В А | 18. А Б-дан 3 есе көп
Б В –дан 5 есе аз
А В |

Ұпайы	9	8	7	6	5	4	3	2	1
Дұрыс жауап-тар саны	18	17	16	14-15	12-13	10-11	8-9	6-7	5

Нұсқау: Сіздерге 18 логикалық есепті 5 минуттың ішінде шешу қажет. Екі түрлі сандық қатынастың үлкен кішісін салыстыру арқылы анықтаңыз. Есепті реттік нөмірі бойынша шығарыңыз. Ең бастысы қате шығармаңыз. Қандай сұрақтарыңыз бар. Дайындалыңыз. Бастайық... Токтаңыз.

Сөйлеуді анықтайтын әдістер Сөйлеу шығармашылығын анықтау

Мақсаты: С.Медник тестін пайдалану арқылы тұлғаның сөйлеу шығармашылық деңгейін анықтау.

Қажетті құралдар: Сөйлеу шығармашылығын зерттеуге арналған С.Медник тесті, қаламсап, жаттығуға арналған сөздер, 1, 2 сериялы сөздер.

Жүргізілуі: Зерттелінушіге жаттығуға арналған сөздерді айтып жаттықтырған соң 1 серияны жүргізу керек. 3-5 күн өткеннен соң 2 серияны жүргізу керек. Осыдан кейін ғана эксперимент басталады. С.Медниктің арнайы құрастырған тестке жауап беру арқылы тұлғаның шығармашылық деңгейі анықталады. Алынған нәтиже кестеге түсіріліп, арнайы формуламен есептелініп, салыстырылады да нәтиже өңделеді.

Ескерту: Егер жауап беру барысында жауаптың бірнеше нұсқасы болып тұрса, сонша жазуға болады. Әрбір үштік сөзге 1-2 минут уақыт беріледі.

Жаттығуға арналған сөздер:

1. Суық, таза
2. Тәтті, ыстық
3. Асығыс, сау
4. Ақша, билет

1 серия

Негізгі үш сөзге төртінші сөзді ойлап табу керек. Ол сөз алдындағы үш сөзбен де сөз тіркесін жасау керек.

Стимул сөздер:

Біршама сай жауаптар:

- | | | | |
|--------------|---------|-------|---------|
| 1. қатты | шындық | жай | айту |
| 2. суық | көк | лай | су |
| 3. кездейсоқ | адам | көше | кездесу |
| 4. қиын | өткен | алтын | уақыт |
| 5. мундир | қалашық | билет | әскери |

2 серия

2-ші серия да бірінші серияға ұқсас, бірақ қызықты, күрделірек сөздер болады. Өткен жауапқа қарағанда жауап бейнелі, сирек кездесетін болуы керек.

Стимул сөздер:

Біршама сай жауаптар:

- | | |
|-------------------|-------|
| 1. ақша билет бос | уақыт |
| 2. кері отан жол | қайту |
| 3. есік сенім тез | кіру |
| 4. дос қала орта | туған |
| 5. поезд алу ақша | билет |

Сөйлеу шығармашылығына арналған

Медник тесті

- | | | |
|--------------|----------|---------------|
| 1. Кездейсоқ | тау | көптен күткен |
| 2. Кешкі | қағаз | қабырға |
| 3. Кері | отан | жол |
| 4. Алыс | соқыр | болашақ |
| 5. Халықтық | қорқыныш | дүниежүзілік |

Жауаптың варианттары мен олардың бірегейлігі және бағалары

Үштік сөз №1

Үштік сөз №2

- Әңгіме – 0, 99
- Шың - 0, 98
- Шығу – 0, 98
- Кездесу – 0, 00
- Биіктік – 0, 97

- Афиша – 0, 99
- Газет – 0, 00
- Картина – 0, 98
- Әдемі – 0, 99
- Хабарландыру – 0, 99

Үштік сөз №3

Үштік сөз №4

- Болашақ – 0,91
- Оралу – 0,93
- Көру – 0, 98
- Қайту – 0, 00
- Шекара – 0, 98

- Бәле жала – 0, 98
- Үмітсіз – 0,95
- Сенім – 0, 91
- Жүргізу – 0, 98
- Көзқарас – 0, 61

Үштік сөз №5

- Бәле – жала – 0,97
- Шайқас – 0, 99
- Соғыс – 0, 00
- Ерік - 0, 99
- Бірлік – 0, 99

Жүргізілетін зерттеу жұмысының нәтижесі:

Баға өлшемдері:

1. Ассоциация саны: $N_a = x/y = 8/5 = 1,6$
2. Бірегейлік индексі: $Z_i = 1/r$, $Z_{0.00} = 1/4 = 0,25$
3. Жауаптың бірегейлігі: $N_{01} = e/x = 4/8 = 0,5$

Зеректілікті бағалау типі.

Нұсқау: Төменде берілген сұрақтарға сіздің ойыңызша дұрыс жауаптарды беріңіз.

1. Бос стақанда 3 жаңғақ бар. Стақанда неше жаңғақ бар?
2. Қарғаны құс деп атауға бола ма?
3. Ер адам қайтыс болған жарының әкпесіне үйленуіне бола ма?
4. Қараңғы бөлмеде керосин шамы, шырағдан және газ плита тұр. Сіз қайсысын жағар едіңіз?
5. Түнгі кезекші күндіз сағат 15.00-де қайтыс болды. Ол зейнетақы алады ма?
6. Әдетте ай 30-31-не толады. Қай ай 28-не толады.
7. Электричка сағатына 50км/сағ қозғалады, қарсы соққан желдің де сағатына 50км/сағ жылдамдығы бар. Түтіннің қай бағытқа кетуі мүмкін?

8. Сіз ұшқышсыз, сіздің ұшағыңыз “Париж – Москва” бағытымен ұшып бара жатыр, аралық отырғызу Прага қаласында болады. Ұшқыштың жасы нешеде?

9. 1-ден 100-ге дейін қанша тоғыздық бар?

10. Екі қолда он саусақ бар. Он қолда неше саусақ бар?

11. Әдетте жолаушы поездарында стоп-кран тұтқалары қызыл болады. Ал жолаушы ұшақтарында мұндай тұтқалар қандай болмақ?

Нәтижені өңдеу. Әрбір дұрыс жауапқа бір ұпай қойылады, сұрақтардың дұрыс жауабы топтағы сыналушылардың пікірі болуы мүмкін.

Өзіндік бағалау әдістемесі

5-7 сынып оқушыларының өзіндік бағалауын анықтау үшін келесі әдістемені ұсынуға болады. Сұрақтары:

Сұрақтарға “иә” (+) “жоқ” (-) деп жауап береді.

1. Сіз алдыңызда тұрған қиындықтарға қарамастан қабылданған шешімді жүзеге асырасыз ба?

2. Бағынғанан гөрі жетекшілік еткен және бұйрық берген жақсы деп ойлайсыз ба?

3. Көптеген адамдарға қарағанда сіз қабілетті, әрі зерексіз бе?

4. Сіз қандайда бір жұмыс тапсырманы өзіңіз ойлағандай етіп орындайсыз ба?

5. Сіз әркшан бірінші болуға ұмтыласыз ба?

6. Егер сіз ғылыммен шын айналысқанда профессор болатын ба едіңіз?

7. Сіздің құрдастарыңызға қарағанда, сіз көп нәрсеге жетем деп ойлайсыз ба?

8. Сізге жоқ деп айту қиын ба, егер сіздің тілегіңіз орындалмайтын болсада?

9. Басқаларға қарағанда сіз көп нәрсені жасап үлгересіз бе?

10. Егер сізге қайтадан өмір сүру керек болса, көп нәрсеге жетер ме едіңіз?

Нәтижені өңдеу:

“+” санын санаңыз

6-7 жағымды жауаптар (+) жоғары өзіндік бағалау

3-5 (+) адекватты (дұрыс)

2-1 (-) – төмен

Тест. “Өзіндік бағалауың қалай?”

өте жиі – 4 ұпай

жиі - 3 ұпай

кейде - 2 ұпай

сирек - 1 ұпай

ешқашан – 0 ұпай

1. Еш себепсіз жиі қобалжимын.

2. Мені достарым көңілдендіргенін қалаймын.

3. Ақымақ болып көріну.

4. Мен өзімнің болашағым туралы мазасызданамын.

5. Адамдардың сыртқы болмысы маған түсініксіз.

6. Көпшілігі мені түсінбейтіні өкішті.

7. Адамдармен қалай сөйлесуді білмейтін сияқтымын.

8. Адамдар менен көп нәрсе күтеді.

9. Өзімді ебедейсіз сезінемін.

10. Маған жағымсыз нәрсе болатын сияқты көрінеді.

11. Адамдар менің артымнан сөйлеп жүргенін сеземін.

12. Мен өзімді қауіпсіз сезінбеймін.

13. Мен өз ойымды ешкіммен бөлісе алмаймын.

14. Адамдар менің жетістігіме ерекше қызығушылық білдірмейді.

Өзіндік бағалау деңгейін анықтау үшін барлық пікір бойынша ұпай санын есептеңіз.

10 ұпайдан төмен – саған өзім білемін, мақтаншақтықтан айналадағыны таңқалдыру сезімінен құтылу жөнін мына пиринципті есіңізге ұстаныз: барлық қақтығыс жағдайындағы шыққан отты сіз жағуға көмектестіңіз немесе тұтандырдыңыз.

10 ұпайдан 30 ұпайға дейін – сіз психологиялық жетілген тұлғасыз, өз күшіңізбен мүмкіндігіңізге шынайы баға беру сіздің қолыңыздан келеді.

30 ұпайдан жоғары – сіз өзіңізді бағалай алмайсыз.

Әдістеме: Өзіндік бағалауға баға беру.

Мақсаты: оқушының өзіндік бағалауын анықтауға арналған.

Барысы: Оқушы ұзынынан жоғарыдан төменге дейін 5 сан қойып шығады – 1,2,3,4,5. Осымен тапсырма нөмірі белгіленеді. Тапсырма қайталанбайды. Тапсырма оқылып жатқанда ойға бірінші келген нәрсені белгілеу керек. Егер үлгермеген жағдайда қайталанбайды. Әр тапсырмаға 3 секунд уақыт беріледі де, әрі қарай келесі тапсырма оқытылады.

Тапсырма:

1. Кез келген әйгілі жазушының фамилиясын жазыңыз. Мысалы: М. Әуезов.
2. Кез келген сөйлем жазыңыз. Мысалы: көктем келді.
3. Кез келген заттың атын жазыңыз. Мысалы: кітап.
4. Кез келген фигураны сызыңыз. Мысалы: үшбұрыш.
5. Кез келген санды жазыңыз. Мысалы: 9

Нәтижені өңдеу:

Егер тапсырма орындалғанда жауабы мысалмен бірдей болса, онда 4 ұпай қойылады. Егер жауап мысалдың мазмұнына ұқсас болса, онда 3 ұпай қойылады. Егер мысалға тіптен ұқсамаса, онда 2 ұпай, ал егер тіптен жауап бермесе, 1 ұпай қойылады.

Нәтиже мына формуламен қойылады:

$$S = (O1+O2+O3+O4+O5) * 3+20 = 65$$

S = өзіндік бағалау

20-30 ұпай – төмен

31-45 ұпай – орташа

46 одан да жоғары ұпай - өзіндік бағалауы жоғары

Өзіндік бағалауды жалпы зерттеу

Сыналушыға нұсқау : Сізге жағдай оқылады. Сіз жағдай нөмірімен және оған қатысты үш нұсқаның бірін “иә” (+), “жоқ” (-), “білмеймін” жауабын таңдайсыз:

Көп ойланбай жылдам жауап бергеніңіз жөн:

Сұрақтың мәтіні:

1. Уақытымның көп бөлігін жабырқаулы күйде өткіземін.
2. Менімен көптеген бала санасады (ақылдасады).
3. Менде өзіме деген сенімділік жоқ.
4. Сыныптағы басқа бала сияқты мен де тапқыр, әрі қабілеттімін.
5. Кейде мен өзімді ешкімге қажетсізбін деп есептеймін.
6. Мен барлық істі жақсы орындаймын.
7. Болашақта еш нәрсеге жете алмайтын сияқтымын.
8. Барлық істе менікі дұрыс деп санаймын.
9. Артында өзім өкінетін тірлікті көп жасаймын.
10. Өзім білетін адамның жеткен табысын істегенім өзімнің жеңілісім деп ойлаймын.
11. Айналада мені талдап жатқандай көрінеді.
12. Болуы мүмкін сәтсіздік мені аз толғандырады.

13. Берілген тапсырманы сәтті орындап шығуға мен жеңе алмайтын қиындық кедергі тудырады.

14. Жасаған ісім үшін сирек өкінемін.

15. Менің айналадағы адам маған қарағанда тартымды көрінеді.

16. Мен үнемі біреуге керекпін деп ойламаймын.

17. Меніңше, мен басқаға қарағанда нашар оқимын.

18. Менің жолым болғыш.

19. Өмірде әрқашан бір нәрседен қорқамын.

20. Мен өзіме сенемін.

Нәтижені өңдеу

(Иә) “келісемін” саны тақ нөмірмен саналады содан кейін – жұп нөмірмен саналады. Бірінші нәтижеден екінші нәтиже алынады. Соңғы нәтиже

-10нан +10-ға дейінгі интервалды көрсетеді

-10 –4 дейінгі нәтиже төменгі өзіндік бағалау

-3 –тен + 10 –ға дейінгі нәтиже өзіндік бағалау.

Әдемілігіңіз ішкі әлеміңізге сай ма?

Мақсаты: Оқушының өзіндік бағалауын, қарым – қатынасын анықтауға арналған.

Барысы: Оқушыға сұрақ оқылады, сол сұраққа жауап беруі керек. Оның бірнеше жауабы бар.

Сұрақтар.

1. Жақсы әшекей бұйымды сатып аларда бірінші нені басшылыққа аласыз?

А) неғұрлым қымбат болса, соғұрлым тәуір

Б) өзіме ұнағанын аламын

В) елдің кеңесіне сүйенемін

2. Сыйланған сыйлықтың қайсысы көбірек қуантады?

А) әдемі гүл

Б) қымбат иіс суы

В) шын көңілмен берілген кез-келген сыйлық

3. Жаңа киім таңдағанда нені басшылыққа аласыз?

А) жаңа үлгідегі киімдерді таңдаймын

Б) өзіме ұнағанын

В) ақшама қараймын

4. Сіз тігуге тапсырыс берген киім дайын болды. Бірақ сізге үйлесімсіз. Сіз не істейсіз?

- А) қайта жөндеуге беремін
- Б) көңіл күйім бұзылып шкафқа лақтыра саламын
- В) жақынымның біріне сыйлай саламын

5. Жолдасыңыздың костюмінде ұсақ жолақ бар болса, оған қандай көйлек таңдар едіңіз?

- А) сондай жолағы бар
- Б) бір түстісін
- В) түсі сәйкес келетін сәнді көйлек

	1	2	3	4	5
А	4	4	2	3	3
Б	3	2	4	4	2
В	2	3	3	2	4

Қорытынды

10–13 ұпай

Сіз өзіңізге аса қатты сын көзбен қарайсыз. Өзіңізге көңіліңіз толмайды. Есіңізде болсын өзін сыйламаған адамды өзге де көзге ілмейді. Тым сыпайысыз. Басты кемшілігіңіз - өзіңізге сенбейсіз. Өз пікіріңізден гөрі елдің сөзіне құлақ асқанды жөн көресіз. Өміріңізді өзгерткіңіз келсе, өзіңізге көп көңіл бөліңіз.

14-17 ұпай

Өзіңізге сенімдісіз. Нәзік тартымды жансыз. Айналадағы адаммен тіл табыса аласыз. Өзге жан сыртыңыздан қызыға қарайды, кейбіреу тіптен сізге ұксағысы келеді. Ал, сіз өзіңізге не қолайлы, не қолайсыз, не үйлеседі, не үйлеспейді, кімге ұнайсыз, кімге ұнамайсыз әрдайым біліп жүресіз.

18-20 ұпай

Тым тәкаппарсыз. Басқаны көзге ілмейсіз. Көкірек кере берсеңіз елді мезі етесіз. Сәл жұмсарып, кішіпейіл болуға лайық болыңыз.

Мектепке деген мотивациясын

анықтайтын әдістер

«Шварцландердің моторлық сынау» әдістемесі

Мақсаты – талаптану деңгейін анықтау.

Нұсқау: Тапсырма моторлық үйлестік тест ретінде беріледі. Зерттелушіге тәжірибе сынау санына байланысты төрт төртбұрыш секциясы бар іс-қағаз беріледі. Берілген уақытта төртбұрыштың біреуінің ішіндегі квадратың көбін бегілеп шығу қажет. Зерттелеушіден 10 секундтың ішінде қанша квадрат белгілей алатынын атауын сұрайды. Ол жауабын бірінші төртбұрыштың жоғарғы үлкен ұяшығына жазады.

Зерттеушінің рұқсатымен бастау және аяқтау, сынаудан кейін қанша квадрат белгілегені саналады және бірінші төртбұрыштың астыңғы үлкен ұяшығына жазылады. Осы жүйе сияқты қалғанына да сынау жүргізіледі, үшінші сынауда уақыт 8 секундқа азаяды. Бұл тапсырма мақсаттық айырмашылықты зерттеуге арналған.

I.

УПІ										
УДІ										

II.

УП2

УД2

III.

УП3

УД3

IV.

УП4

УД4

V.

УП5

УД5

Нәтижелер талдауы

Мақсаттық айырмашылықтың орташа көлемі талаптану деңгейі (ТД) мен жетістік деңгейін (ЖД) салыстыруды топшалайтын формула бойынша есептеледі.

$$MA = ((ТД2-ЖД1) + (ТД3-ЖД2) + (ТД4-ЖД3)) / 3$$

Мақсаттық айырмашылық стандарты: 5 және одан жоғары болса, талаптанудың мүмкін емес өте жоғары деңгейі.

4,99-3 – талаптанудың жоғары деңгейі

2,99-1 – талаптанудың орташа деңгейі

0,99-(-1,49) – талаптанудың төмен деңгейі

(-1,50) және төмен – талаптанудың мүмкін емес өте төменгі деңгейі

Нұсқау

Талаптанудың деңгейі дегеніміз, қиыншылыққа қарамастан адамның қабілеті жететін мақсатқа жетуге ұмтылыс. Баланы тәрбиелегенде талаптану деңгейін ескеру қажет, өйткені оның қабілетіне сай болуы – жеке тұлғаның үйлесімді жетілуінің бір шарты. Ал сәйкес болмауы, баланың өзімен және басқа да адаммен шиеленістің қайнар көзі болып табылады, бұл баланың жетілуінен ауытқуына әкеліп соғады.

Бұл тест талаптану деңгейін жылдам диагностикалау болып табылады. Әдістемені өз уақытын секунд ішінде жоспарлай білетін ересек адам мен жас бала көбіне қолданылуы мүмкін.

Эмоция мен ерік өрісін анықтайтын әдістер

Филлипстің мектептегі қобалжуды анықтауға арналған сұрақнамасы

Әдістеменің мақсаты: Кіші және орта мектеп оқушының мектепке байланысты қобалжуының деңгейін зерттеу.

Жас шектеуі: Сұрақнама кіші және орта мектеп жасындағы балаға арналады. Орта мектептің 3-7 сыныпта қолдану қолайлы.

Диагностика өткізілуі: Диагностика жеке және топтық формада жүргізіледі. Сұрақ ауызша немесе жазбаша ұсынылады. Сұрақнаманы жүргізгенде бөлмеде сынып жетекшісі мен мұғалімнің болмағаны жөн.

Қажетті құралдар: Зерттеуді жүргізуге сұрақнама мәтінімен оқушының санына сәйкес парак.

Нұсқау: “Бала, қазір сізге мектепте өзіңізді қалай сезетіндіктің туралы сұрақ ұсынылады. Мұнда дұрыс және дұрыс емес деген жауап

болмайды. Шынайы жауап қажет. Жауап парағының жоғары жағына аты, фамилиясы, сыныбын жазу. Сұраққа жауап бергенде оның нөмірі және жауапқа келіссеңіз “+”, келіспесеңіз “-” қойыңыз.

Сұрақнаманың мәтіні:

1. Саған барлық сыныптағымен бір деңгейде болу қиын ба?
2. Мұғалім тапсырманы қаншалықты деңгейде білетінін тексеруге дайындалса, сен қобалжисың ба?
3. Мұғалімнің қалауымен саған сыныпта жұмыс жасау ұнайды ма?
4. Сенің сабақты білмегендігіңнен мұғалімнің қатты ашуланғаны түсіңе кірді ме?
5. Сені сыныпта біреу ұрып жіберген кез болды ма?
6. Мұғалімнің не айтып тұрғанын түсінбейінше, сен оның жаңа материалды түсіндіруіне асықпағанын жиі қалайсың ба?
7. Жауап бергенде немесе тапсырманы орындағанда қобалжисың ба?
8. Қателік жасап қоюдан қорқып, сабақта өз ойыңды айтпай қалған кездерің болды ма?
9. Сені тақтаға жауап беруге шақырғанда тізең дірілдейді ме?
10. Әртүрлі ойын ойнағанда, сыныптасың саған жиі күле ме?
11. Өзің күткендегіден төмен баға қойған кез болды ма?
12. Сені екінші жылға қалып қою сұрағы ойландармай ма?
13. Таңдау жасауды қажет ететін ойыннан қашқақтайсың, өйткені сені ешкім таңдамай қояды?
14. Сені жауап беруге шақырғанда дірілдеп кететін кез бола ма?
15. Сенің қалағаныңды сыныптастың ешқайсысы жасағысы келмейтін сезім сенде жиі туындай ма?
16. Тапсырманы орындамас алдында қатты қобалжисың ба?
17. Саған ата-анаң күткен бағаны алу қиын ба?
18. Кейде сыныптың ішінде нашар болып қаламын деп қорқасың ба?
19. Қателік жасап қойғанда сыныптасың саған күле ме?
20. Сен сыныптасыңа ұқсайсың ба?
21. Тапсырманы орындағаннан кейін дұрыс орындағаның туралы мазасызданасың ба?
22. Сыныпта жұмыс жасағанға бәрін есте сақтап қалғаныңа сенімдісің бе?
23. Кейде саған мектепте мұғалімнің сұрағына жауап бере алмай қалған түске ене ме?

24. Көптеген бала саған достық қарым-қатынаста ма?
25. Сенің жұмысыңның нәтижесі сыныптастың жұмысымен салыстыратынын білсең, тапсырманы аса ынталылықпен орындайсың ба?
26. Сенен сұрағанда қобалжымауды жиі армандайсың ба?
27. Кейде таласқа түсемін деп қорқасың ба?
28. Мұғалім сенің сабаққа дайындығыңды тексеремін деп айтса, жүрегіңнің қатты соғып кететінін сезесің бе?
29. Сен жақсы баға алғанда сыныптастың бірі жарамсақтанып жатыр деп ойлай ма?
30. Ерекше көңіл аударатын сыныптастыңмен бірге өзіңді жақсы сезінесің бе?
31. Сыныптас құрбының сені өкпелететін сөз айтқан кездері болды ма?
32. Қалай ойлайсың, оқуды үлгермей жатқан бала өзінің орнын жоғалтып алады ма?
33. Сыныптастың көпшілігі саған назар аудармайтынға ұқсай ма?
34. Күлкілі болып көрінуден жиі қорқасың ба?
35. Мұғалімнің сенімен қатынас жасауына көңілің тола ма?
36. Өзге сыныптастың анасы секілді сенің анаң да кештер ұйымдастыруға көмектеседі ме?
37. Айналадағы сен туралы не ойлайтыны сені қобалжытқан кез болды ма?
38. Қазіргіден гөрі болашақта жақсы оқуға үміттенесің бе?
39. Мектепте сыныптасың сияқты сен де жақсы киінемін деп ойлайсың ба?
40. Сен жауап беріп тұрғанда сырттан қалай көрінетінің туралы жиі ойланасың ба?
41. Қабілетті бала сыныптағы өзге балада жоқ ерекше құқұғы бар ма?
42. Сыныптастың ішінде кейбіреуі егер сен одан жақсы көрінсең ызаланады ма?
43. Сенің сыныптасыңның саған деген қатынасына көңілің тола ма?
44. Мұғаліммен жалғыздан-жалғыз қалғанда өзіңді жақсы сезінесің бе?
45. Сыныптастың кейде сенің сырт келбетің мен мінез-құлқыңа күледі ме?

46. Өзіңнің мектептегі жұмысың туралы басқа балаға қарағанда мазасызданамын деп ойлайсың ба?
 47. Егер сен мұғалімнің сұрағына жауап бере алмай қалғанда, әнеміне жылап жіберемін деп сезінесің бе?
 48. Ертең мектепте не болады деп көп уақытқа дейін ұйықтай алмайтын кезің болды ма?
 49. Қиын тапсырманы орындап жатқанда, бұрын білетініңді ұмытып қалғандай сезінесің бе?
 50. Өздік жұмыс жазып отырғанда қолың аздап дірілдей ме?
 51. Мұғалім сыныпқа тапсырма беремін деп айтса, ашулана бастайтыныңды сезесің ба?
 52. Мектепте сенің біліміңді тексеру сені қорқытады ма?
 53. Мұғалім өзіндік жұмыс беріп жатқанда, орындай алмай қаламын деген қорқынышты сезесің бе?
 54. Сенің сыныптасыңның қолынан келетін, бірақ сен орындай алмайтын тапсырма туралы түс саған енеді ме?
 55. Мұғалім тапсырманы түсіндіріп жатқанда сенің сыныптасың саған қарағанда жақсы түсінеді деп ойлайсың ба?
 56. Мектепке бара жатқанда мұғалім сенен сабақ сұрап немесе тексеру жұмысын береді деп мазасызданадың ба?
 57. Тапсырманы орындап жатқанда, ол үшін “2” аламын деп сезінесің бе?
 58. Барлық сыныптың алдында тақтада тапсырма орындап тұрғанда, аздап қолың дірілдей ме?
- Нәтижені өңдеу.** Сұрақнаманы толтыруды аяқтағаннан кейін сұрақнамадағы әрбір шкала бойынша және бүтін сұрақнамадағы сәйкес келмеушілік есептеледі. Кілт: “ия” – жауаптары 11, 20, 22, 24, 25, 30, 35, 36, 38, 39, 41, 43, 44; “жоқ” жауаптары –1-10,12-19, 21, 23, 26-29, 31-34, 37, 40, 42, 45-58.

1. Жалпы мектептік қобалжу: 2, 4, 7, 12, 16, 21, 23, 6, 28, 46-58 (n=22).
2. Әлеуметтік күйзеліс уайымы: 5, 10, 15, 20, 24, 30, 33, 36, 39, 42, 44 (n=11).
3. Табысқа жету қажеттілігі.
4. Өзін көрсетуге қорқыныш.
5. Білімді тексеру жағдайындағы қорқыныш.
6. Айналадағының күткеніне сәйкес келмеуден қорқу. Кілтпен сәйкессіздік –қобалжудың белгісі.

1. Барлық мәтін бойынша сәйкессіздік 50% болса, қобалжудың жоғары екендігін айтуға болады, егер жалпы саннан 75% көп болатын болса - өте жоғары қобалжуды көрсетеді.

2. Қобалжудың 8 факторының әрқайсысы мәтіннен бөліп алынады. Қобалжу деңгейі бірінші жағдайдағыдай аныкталады. Әрбір белгінің (фактор) мазмұндық сипаттамасы.

1. Мектептегі жалпы қобалжу – Баланың жалпы эмоциялық жағдайы, оның мектептегі өмірінің әртүрлі формасымен байланысты.

2. Әлеуметтік күйзелістік уайым – баланың эмоциялық жағдайы әлеуметтік жағдайдың көрінісінде дамиды (ең алдымен құрбысымен).

3. Табысқа жету қажеттілігіндегі фрустрация - баланың табысқа қажеттілігін, жоғарғы нәтижелі жетістігін дамытпайтын жағымсыз психикалық көрініс.

4. Өзін көрсетуге қорқыныш – жағдайды жағымсыз эмоциялық уайымдау, өзін көрсетудің қажеттілігінде, өз мүмкіншілігін көрсетуде қиындыққа кездесу.

5. Білімді тексеру жағдайындағы қорқыныш – білімді, жетістікті, мүмкіншілікті тексеру жағдайында болатын жағымсыз қатынас және қобалжу, уайым.

6. Айналадағының күткеніне сәйкес келмеуден қорқу.

Жеке қасиеттерін анықтайтын әдістер

Айзенк сауалнамасы 12-17 жас аралығындағы жеткіншектерге арналған

Мақсаты: Бала темпераментінің ерекшеліктерін айқындау.

Нұсқау: Сіздің іс-әрекетіңіздің ерекшелігі жөнінде сізге бірнеше сұрақ беріледі. Егер сұрақтың жауабына келіссеніз «+» белгісін қойыңыз, егер келіспейтін болсаңыз «-» белгісін қояы. Жауапты тез, ойланбай беру керек, өйткені бірінші әрекетіңіз маңызды.

Сауалнама мәтіні

1. Айналаңда шуды немесе әбігершілікті ұнатасың ба?
2. Сені жұбататын досты жиі қажет етесің бе?
3. Сабақта отырмаған кезінде, сенен бір нәрсе сұрағанда жауапты тез таба аласың ба?
4. Сен кейде ашуланшақ болып немесе ызаланасың ба?
5. Көңіл күйін жиі өзгеріп тұрады ма?
6. Саған досыңмен кездескеннен, жалғыз болған ұнайды ма?

7. Түрлі ойдың сенің ұйықтауыңа кедергі жасайтын кезі болды ма?

8. Саған айтқанды дәл солай істейсің бе?

9. Басқамен әзілдескенді ұнатасың ба?

10. Еш себепсіз өзіңді бақытсыз сезіндің бе?

11. Сен көңілді адамсың ба?

12. Мектеп ережесін бұзған күнің болды ма?

13. Сені көп нәрсе ашуландырады ма?

14. Жылдамдықты керек ететін жұмысты ұнатасың ба?

15. Бола жаздаған, бірақ соңы жақсы біткен, оқиғаны көп уақыт уайымдап жүресің бе?

16. Саған сеніп кез келген құпияны айтуға болады ма?

17. Зерігіп отырған баланың көңілін көтере аласың ба?

18. Кейбір кезде еш себепсіз жүрегің қатты соғады ма?

19. Біреумен достасу үшін бірінші қадам жасайсың ба?

20. Өтірік айтқан кезің болды ма?

21. Сен істеген жұмыстан адам кемшілік тапса қатты ренжисің бе?

22. Досыңмен қызық әңгіме айтып, әзілдескенді ұнатасың ба?

23. Еш себепсіз шаршайсың ба?

24. Бірінші сабағыңды орындап, сосын ойнайсың ба?

25. Әдетте риза көңілдісің, солай ма?

26. Көп ренжисің бе?

27. Басқа баламен ойнағанды және әңгімелескенді ұнатасың ба?

28. Тұрмыста жақыныңа көмектесесің бе?

29. Басыңның айналған кезі болады ма?

30. Біреуді ыңғайсыз жағдайға қойғанды немесе біреуге күлгенді ұнатасың ба?

31. Бір нәрседен жалыққан кезің жиі болып тұрады ма?

32. Мақтанғанды ұнатасың ба?

33. Басқа баланың алдында үндемей тұрасың ба?

34. Сен қатты толқығаннан бір орында отыра алмай кететін кезің болады ма?

35. Бір нәрсеге тез шешіле аласың ба?

36. Мұғалім жоқ кезде, сабақ уақытында шулайсың ба?

37. Қорқынышты түс жиі көресің бе?

38. Бәрін ұмытып, досыңның қасында жақсы көңіл көтеріп отырасың ба?

39. Сені ренжіту оңай ма?

40. Біреуді жамандаған күнің болды ма?

41. Өзіңді бейқам, қамсыз деп санайсың ба?
 42. Өзің ыңғайсыз жағдайға түскен кезіңді, көп уақыт уайымдап жүресің бе?
 43. Шулы және қызықты ойынды жақсы көресің бе?
 44. Саған ұсынған тамақтың барлығын жей бересің бе?
 45. Сенен бір нәрсе сұраса жоқ деп жауап беру қиын ба?
 46. Қонаққа жиі барғанды ұнатасың ба?
 47. Өмір сүргің келмей кететін кезің болады ма?
 48. Ата-анаң дәрекі болған кезің бар ма?
 49. Сені көңілді адам деп санайды ма?
 50. Сабағыңды орындаған кезінде көңілің басқа жаққа алаңдайды ма?
 51. Үлкен думанға қатыспай, жанынан қарап отырғанды ұнатасың ба?
 52. Түрлі ойдан ұйықтай алмайтын кезің болды ма?
 53. Саған тапсырылған жұмысты орындай алатынына сенімдісің ба?
 54. Жалғызсырау сезімінде боласың ба?
 55. Бейтаныс адаммен бірінші сөйлесуге ұяласың ба?
 56. Кеш болғанда бір нәрсе істеуді жиі шешесің бе?
 57. Саған құрбың айқайласа, сенде солай жауап бересің бе?
 58. Кейбір кезде еш себепсіз өзіңді қайғылы немесе көңілді сезінесің бе?
 59. Қонақта, шыршада шын сыйлық алуға болады деп есептейсің бе?
 60. Бір нәрсені ойламай істегеніңе жиі толқисың ба?
- Кілт:
1. Экстроверт – интроверт:
 «ия» («+») 1, 3, 9, 11, 14, 17, 19, 22, 25, 27, 30, 35, 38, 41, 43, 46, 49, 53, 57.
 «жоқ» («-») 6, 33, 51, 55, 59,.
2. Нейротизм
 «ия» («+») 2, 5, 7, 10, 13, 15, 17, 18, 21, 23, 26, 29, 31, 34, 37, 39, 42, 45, 50, 51, 52, 56, 58, 60.
3. Өтірік көрсеткіші
 «ия» («+») 8, 16, 24, 28, 44
 «жоқ» («-») 4, 12, 20, 32, 36, 40, 48.

Нәтижелер бағасы

Экстра – интроверт шәкілінің бағалау кестесі

Интроверт		Экстраверт	
Едәуір	Орташа	Едәуір	Орташа
1-7	8-11	12-18	19-24

Нейротизм шәкілінің бағалау кестесі

Сезімдік салмақтық		Сезімдік салмақсыздық	
Едәуір	Орташа	Едәуір	Орташа
1-10	11-14	15-18	19-24

Мәліметтер түсініктемесі

Әдістеме 3 шәкілден– экстраверт-интроверт, нейротизм және ерекшеден тұрады, олар зерттелушінің қатынасы мен адалдық бағалауына арналған.

1. Экстраверт-интроверт

Типтік экстравертке мінездеме бергенде, оның адамға үйірлігі, танысының көптігі, қарым-қатынасты қажет етуімен белгіленеді. Экстраверт жағдайға байланысты әрекет жасайды, серпінді, ашушаң. Ол қамсыз, оңтайлы, көңілді, мейірбан. Сезімі қатаң бақылауда емес, тәуекелді әрекетке бейім. Оған әр уақытта сенуге болмайды.

Типтік интроверт – ол тынық, ұялшақ, интроектті адам, өз-өзін талдауға бейім. Ұстамды, өзін туысканынан басқа адамнан алысырақ ұстайды. Өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлайды, кенеттілікке сенбейді, шешім қабылдауға байсалды қарайды, барлық кезде тәртіпті ұнатады. Өзінің сезімін бақылайды, оны ашуландыру оңай емес. Өнегелі норманы бағалайды, түңілуші.

2 Нейротизм – сезімдік тұрақтылық

Сезімдік тұрақтылықты немесе тұрақсыздықты сипаттайды. Сезімдік тұрақтылық – іс-әрекетте ұйымдастырушы, күйзеліс және кәдімгі жағдайда мақсатты сақтаудан көрінеді. Ержету, жақсы

бейімделу, қатты қызулық, мазасызданудың болмауы, сонымен бірге адаммен үйлесуі, озаттықпен сипатталады.

Нейротизм сезімдік тұрақсыздық - қатты ашу, бейімсіздік, көңіл күйдің тез өзгеруі, ұмытшақтық, мазасыздану және кінәлі сезіну, камсыздық, депрессия, күйзелісті жағдайда байқалады.

Сезімділік, серпінділік, адаммен қатынаста ашу шақыру, ықыластың өзгеруі, әсерлілігі, өзіне сенімсіздік нейротизмге сай сезімдер. Нейротизм шәкілінде үлкен көрсеткішке ие адамда жағымсыз күйзелісті жағдайда невроз дамуы мүмкін.

Экстра-интроверт шәкілінің орташа көрсеткіші: 7-15 ұпай.

Нейротизм шәкілінің орташа көрсеткіші: 8-16 ұпай.

Егер адалдық шәкілінің көрсеткіші 10 ұпайдан асқан болса, онда зерттеу нәтижесі дұрыс емес және зерттелуші сұраққа ашық жауап беруі тиіс деп есептелінеді.

Айзенк жүйке жүйесінің жоғары қызметінің физиологиясынан мәліметті ала отырып, Павловтың күшті және әлсіз түріндегі адамның экстраверттік және интроверттік түріне сай келеді деген болжам берді. Интро және экстраверттің табиғаты орталық жүйке жүйесінің туа бітті қасиетінде көрінеді. Осылайша, Экстра-интроверт шәкілінің мәліметін қолдана отырып, Павлов топтастыруы бойынша адамның темперамент көрсеткішін шығаруға болады. Ол төрт классикалық түрді бейнелеген: сангвиник (орталық жүйке жүйесінің негізгі қасиетінен күшті, салмақты, еті тірі деп сипатталады); холерик (күшті, салмақсыз, еті тірі); флегматик (күшті, салмақты, салғырт); меланхолик (әлсіз, салмақсыз, салғырт). Кестеде темперамент түрінен сауалнама шәкілімен арақатынасын көруге болады:

ТҰРАҚСЫЗ	
Оңай абыржиды	Белсенді
Мазасыз	Сезімталды
Ойлануға бейім	Тынышсыз
Енжар	Қозғалмалы
Ұстамды	Өзгермелі
Адамға үлессіз	Тұрақсыз
Тыныш	Серпінді

		Оптимистік	
Интро-верттік	Меланхолик	Холерик	Экстра-верттік
	Флегматик	Сангвиник	
Енжар		Адаммен үйлесімді	
Сак		Қарым-қатынасшыл	
Ақылды		Сөзшең	
Мейірбан		Ықыласты	
Бейбітшілік сүйгіш		Еркін	
Басқара алатын		Жарқын	
Сенімді		Қамсыз	
Тынық		Ынталы	
Тұрақты			

Сауалнама парағы

Аты, тегі, әкесінің аты _____

Мерзім _____

Жасы _____

Білімі _____

№	Жауап		№	Жауап		№	Жауап	
	Иә	Жоқ		Иә	Жоқ		Иә	Жоқ
1			21			41		
2			22			42		
3			23			43		
4			24			44		
5			25			45		
6			26			46		
7			27			47		
8			28			48		
9			29			49		
10			30			50		
11			31			51		
12			32			52		
13			33			53		
14			34			54		
15			35			55		
16			36			56		
17			37			57		
18			38			58		
19			39			59		
20			40			60		

Тест «Адам суреті»

«Адам суреті» әдістемесі баланың жеке ерекшелігі жөнінде ақпарат алудың ең оңай құралы болып саналады. Адам денесін немесе мүшесін бөлек салу сипатының негізінде баланың жеке дамуының жалпы бет алысын байқауға болады. Айтып өту керек, бұл әдістеме баланың психологиялық келбетін толығымен бейнелеп бере алмайды,

оның нәтижесі басқа әдістемеден толықтырылуы және нақтылануы тиіс.

Нұсқау: «Адам суретін сал». Бала суретті қарапайым қара қаламмен салады.

Суретті салып болғаннан кейін, баладан салынған «адам» жөнінде сұраған жөн. Біздің көңілімізді алған мәселе жөнінде сұрақ қоюға болады (тек баламен сезімдік жақын қатынас болған жағдайда), олар тура болмай («Ол кіммен дос?», «Оның достары көп пе?», «Ол төбелеседі ме?» және т.б.), жанама болуы тиіс («Сен қалай ойлайсың, ...?», «Саған қалай көрінеді, ...?»). Мектеп жасына дейінгі баланың өзіндік ерекшелігіне қарай, сұрақтың балама түрде қойылғаны дұрыс: «Сенің ойынша, ол біреумен дос па, жоқ па?» немесе «Саған қалай көрінеді, ол төбелескенді ұнатады ма, жоқ па?» және т.б.

Айта кетуі керек, әдістеменің жоба мүмкіншілігі баланың жасымен шектеулі (5 жасқа дейінгі балаға арналған жобалық әдістеме ретінде қолданылады).

* * *

Баланың әлеуметтік қатынасты қажет етуі, одан алған сезімдік тәжірибесі және шыққан мәселенің бейнеленуі, оның басқа адаммен және өзіне деген қарым-қатынас қалыптасуында білінеді.

Осының бәрі суреттегі адамның қолын салғанда байқалады. Тағы бір ескеретін жайт, баланың қатынас кезінде байқалатын ерекшелігінің нәтижесі тек расталуды және нақтылауды қажет ететін топшылама ретінде қабылдануы тиіс.

Егер бала адам қолын ең соңында бейнелесе, онда ол әлеуметтік қатынастан қорқады деп қарауға болады.

Қолы екі жаққа кең қойылғаны әлеуметтік қатынастың кең өрісін қажетсінетінін көрсетеді.

• Төмен түскен қол, керісінше – қатынасының тар екендігін көрсетеді (бұл ерекшелік баланың әлеуметтік қатынасының сезімдік тереңдігін сипаттамайды).

• Екі жаққа кең қойылған қол мен басының үлкейтілгені бейнеленсе, баланың айналасындағы қарым-қатынасқа қанағатсыз, нашарлығын көрсетеді.

• Қолы төмен түскен және қол-басының жақсы бейнеленген адам суреті, баланың қатынасты таңдайтынын көрсетеді.

• Суретте адамның қолының басы жоқтығы немесе редуцивті,

баланың қатынас тәжірибесінің төмендеуін көрсетеді. Алайда, қатынаста қажеттік төмендемейді. Ол өте жоғары болуы мүмкін.

- Екі жаққа қол кең жайыла салынса (әсіресе, қол өте ұзын болып келсе), бала қатынасы кең, бірақ формальды және жанама деп есептелінеді.

- Қолы төмен түскен адамның қолының басы жоқ болса, қатынас қажеттілігінің төмендеуі сезімдік кедейлігімен үйлескен. Бұндай қатынас сипаты баланың сезімдік дамуының бұзылуымен байланысты.

- Қолдың ұзындығы тәуелсіздік қажеттілігінің көрсеткіші болып табылады: қол қаншалықты ұзын болса, қажеттілік те соншалықты көп.

- Қолдың басы жұдырық түрінде немесе саусақ таяқша ретінде салынған болса, басқыншылық тенденция белгісі.

- Егер бала қолды штрихтесе немесе мүлдем салмаса, әлеуметтік қатынастың қиыншылығын көрсетеді.

Кіндік салынуы, эгоцентризм көрінісін түсіндіреді. Эгоцентризм мектеп жасына дейінгі баланың жеке ерекшелігі деп қарастырылады. Бұл жерде эгоцентризм жеке тұлғаның өзіншілдік бағытымен байланысты.

Суретте адам басы қырынан немесе арқасымен салынса, бұл баланың жабықтылығын, қатынасқа түспейтіндігін көрсетеді. Бұл қатынас қажеттілігінің төмендеуі емес, қатынас кезінде қиыншылықтан пайда болатын жағымсыз күйзелуден қорғаныс.

Жер сызығының бейнеленуі – баланың қорқыныш, сенімсіздік басқа адаммен қарым-қатынас жүйесіндегі нақты жағдайын көрсететін сезімінің көрсеткіші (зерттеушінің міндеті – отбасында немесе топта, осындай қорқыныш сезіміне себепші болған қарым - қатынасты анықтау).

Егер бала өзінің сенімсіздігінен қарым-қатынасы тар болса, онда адам суреті «портрет» түрінде немесе басқа да шектеуде шектеледі (мысалы тереземен).

Баланың өзгемен қарым-қатынасын талдауының нәтижесін оның сезімдік фонының сипатының мәліметімен салыстыру керек.

«Адам суреті» әдістемесінің көмегімен қарым-қатынас өрісін зерттеуде оның мүмкіншілігі баланың жеке дамуының демонстративтілігі, басқыншылық, үрейлілік сияқты жалпы тенденциясын айқындауға көмегін тигізеді.

Демонстративтік

Демонстративті бала ойынында өте табысты, олар түрлі қызық ойын ұсына алады. Сондықтан, құрдастарымен жиі қарым-қатынасқа түседі, бұл табысты деген әсер беруі мүмкін. Алайда, бұндай баладан көңіл қажеттілігінің жоғарылығынан мәселе пайда болуы мүмкін.

Егер жобалық әдістеме тапсырмасының нәтижесінде бала қарым-қатынасында мәселе, шиеленіс бар екендігі айқындалса, көңіл бөлу қажеттілігі толығымен қанағаттандырылмайды.

Баланың демонстративті тенденциясы, біріншіден, адам денесінің сәнділігімен көрсетіледі (қыздың суретінде -көйлектің сәнділігі, тәж, және т.б. ұлдың суретінде әр түрлі қалта, тігіс, бір түрлі қалпақ). Демонстративтілікті бейнелейтін кейіпкер әдепсіз, стандартсыз көрсетіледі.

Демонстративтілікті пішін мөлшері де көрсетеді. Сурет соншалықты үлкен болуы мүмкін, бала оны бітіру үшін орын таппайды.

Жоғарыда қарастырылған сурет ерекшелігінде айқындалатын демонстративті тенденцияны «елестетуге қашу» түрінен айыра білу қажет. Мұндай демонстративті қарым-қатынас түрі балада төмен. Көңіл қажеттілігін сезе отырып, өзіне тән қорқыныш сезімінен олар қарым-қатынасын дамыта алмайды, ал демонстративті тенденцияны елестету жоспарына ауысады.

Көңіл бөлінуден тарыққан бала өтірік айта бастайды, бұл басқа баланың теріс қарауын тудырады, сонымен бірге ата-анасымен қарым-қатынасында түсінбеушілік пайда болады.

Адам суретін салғанда, бала, өзін ханзада түрінде салады, өз бейнесін сәндеуді құмартады. Ол кезде суреттің сәнділігі шыдамды сипатта салынған, одан жеке дамудың төмендігін кездестіреміз, негізінен қорқыныш көрсеткіші.

Тест. “ Өмірлік тәжірибе туралы ойланайық”

Мақсаты: Орта және жоғарғы сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиелілігін анықтау.

Жүргізілу жолы: Тест өткізілуінің сәтті болу үшін қатысушылардың шынайы жауаптары қажет. Бұл үшін анонимділік үлгісін таңдаңыз (парақтың бұрышына ұл бала – ұ, қыз бала – қ деп белгіленсе жеткілікті).

Нәтижені өңдеу қолайлы болу үшін төмендегідей парақ дайындалады.

Сұрақ №	Жауап әріптері		
	А	Б	В
1			
2			
3			
4			

Дауыс ырғағы жауап таңдауға әсер етпес үшін тест сұрақтары бірыңғай қоңыр дауыспен оқылады.

Оқушылар ұсынылған жауаптардың бірін (а,б,в) белгісімен белгілеуі қажет.

1. Сіздің жолыңызда адам тұр. Сізге өту қажет. Сіздің әрекетіңіз?

- А) айналып өтемін
- Б) адамды жылжытамын да өтемін
- В) көңіл-күйіме байланысты

2. Қонақтар арасынан сырт келбеті көріксіз жалғыз отырған қызды (ер баланы) байқадыңыз. Не істейсіз?

- А) ешнәрсе, менің жұмысым қанша,
- Б) алдын ала білмеймін, жағдайға байланысты
- В) барып дереу әңгімеге тартамын

3. Сіз мектепке асығып барасыз. Жолда бір адамға нашар болып қалды. Не істейсіз?

- А) мектепке асығамын.
- Б) егер біреу көмекке ұмтылса, мен де барамын
- В) 03-ке хабарлап, өтіп бара жатқандарды тоқтатамын

4. Сіздің таныстарыңыз жаңа пәтерге келіп жатыр. Олар жасы келген адамдар сіз не істейсіз?

- А) өз көмегімді ұсынамын
- Б) мен біреудің өміріне араласпаймын
- В) егер сұраса, әрине көмектесемін

5. Сіз құлпынай сатып алып жатырсыз. Сатушы сізге соңғысын өлшеп берді. Сіздің артыңыздан ауруханадағы ұлына апарғысы келгенін, бірақ құлпынайдың жетпей қалғанын айтқан өкінішті дауысты естідіңіз. Не істер едіңіз?

- А) әрине, өкініш білдіремін, бірақ біздің қиын уақытта не істейсің?
- Б) бұрылып жартысын ұсынамын

В) білмеймін, менің өзіме де қажет болатын шығар

6. Сіздің таныстарыңыздың бірі әділетсіз жазаланғанын естідіңіз. Бұл жағдайда не істейсіз?

- А) қатты ашуланып, өкпелеткен адамды соңғы сөздеріммен балағаттаймын
- Б) ешнәрсе, өмір әділетсіз
- В) өкпелеген адамды жақтаймын

7. Сіз кезекшісіз. Еденді сыпырып жүріп ақша тауып алдыңыз. Не істер едіңіз?

- А) мен тауып алдым, енді менікі болады
- Б) ертең кім ақша жоғалтқанын сұраймын
- В) мүмкін, өзіме қалдыратын шығармын

8. Емтихан тапсырып жатырсыз. Неге сүйенесіз?

- А) көмекші қағаздар (шпаргалка), әрине, емтихан – бұл лоторея,
- Б) емтихан алушының шаршағанына
- В) өз біліміме

9. Сізге кәсіп таңдау қажет. Сіз мұны қалай жасайсыз?

- А) үйдің жанынан табамын
- Б) жоғары жалақысы бар жұмыс істеймін
- В) жер бетінде құнды нәрсе жасағым келеді

10. Ұсынылған саяхаттың 3 түрінің қайсысын қалайсыз?

- А) Қазақстан бойынша
- Б) экзотикалық елдерге
- В) дамыған жетекші елдердің біріне

